



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Тамыз айында жылдық инфляция Қазақстанның 8 өңірде баяулады

Астана қ.

2024 жыл, 17 қыркүйек

Тамызда елде жылдық инфляция баяулап, **8,4%**-ды құрады (шілдеде – 8,6%). Жылдық инфляция 8 өңірде баяулады, 8 өңірде қарқын алып, 4 өңірде өзгеріссіз қалды.

Жылдық инфляцияның ең жоғарғы мәні Астана қаласында және Маңғыстау облысында тіркелді.

Тамызда **азық-түлік** тауарларының бағасы бұрынғы ж/ж 5,5% деңгейінде қалды (шілдеде – 5,5%). Осы топтағы тауарлардың бағасы Алматы қаласында (8,3%) – максималды, ал Түркістан облысында (3,0%) минималды өсімді көрсетті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны 7,7%-ға дейін жеделдеді (шілдеде – 7,3%). Ең жоғарғы мән Маңғыстау облысында (13,0%), ең төменгі мән Алматы облысында (5,4%) тіркелді.

Тамызда **ақылы көрсетілетін қызмет** бағасы 13,6%-ға дейін баяулады (шілдеде – 14,5%). Сонымен қатар Павлодар облысында (18,9%) баға жалпы республикалық деңгейден біршама жоғары, Алматы облысында (7,7%) айтарлықтай төмен өсім көрсетті.

Тамызда ел көлемінде **айлық инфляция** 0,6% болды. Бұл – тарихи орташа мәнінен жоғары (2017-2021 жылдардағы тамызда – 0,2%).

Толық ақпарат Ұлттық Банктің [интернет-ресурсында](#) бар.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz